

**Түркістан облысы деңсаулық сактау басқармасының  
«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-н сыйбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген  
ұсыныстардың орындалуы жайында өткізілген жиналышының**

**Х А Т Т А М А С Ы**

**Шардара қаласы**

**«29» қыркүйек 2023 жыл**

**Төрағасы: М.Сейтханов – аурухана басшысы**

*Хатшылықта: М.Сулейменов - заңгер*

**Катысқандар:** Шардара аудандық орталық ауруханасының қызметкерлері;

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ

**Күн тәртібінде:** Шардара аудандық орталық ауруханасының ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**Жиналыш төрағасы, М.Сейтханов** сөз алып, Түркістан облысы деңсаулық сактау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына жүргізілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижесіне сәйкес, талдамалық анықтамада көрсетілген кемшіліктерді жою бойынша орындалып жатқан жұмыстар барысына тоқталып өтті.

Шардара аудандық орталық ауруханасының босаған орынға адамды қабылдау барысында арнайы біліктілік комиссия мүшелерімен тиісті бағалау жүргізіліп хаттамаға қол қойып бекітіліп берілсін. Хаттаманы рәсімдеу кадр бөлімінің басшысы Ж.Кабылова тапсырылсын.

Шардара аудандық орталық ауруханасы қызметінде тауарларды жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» Заңының аясында, мерзімінде және сапалы өткізуін камтамасыз етілсін. Алдағы уақыттарды анықтамада көрсетілген кемшіліктерге жол бермеу жөнінде тиісті шаралар қабылдансын.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа және «Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидасына» сәйкес, мемлекеттік сатып алудар бәсекелестік ортада жүргізу міндеттелсін. Тиісті жауапты қызметкерлердің катысуымен құқықтық оқулар, жиындар, түсіндіру жұмыстарын жүргізу тұракты түрде жүргізілсін.

Жиналыш сонында сыйбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауаптар берілді.

**Шешім етті:**

1. Казакстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Занының 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа және «Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидасына» сәйкес, мемлекеттік сатып алуды бәсекелестік ортада жүргізу – Жоспарлау үнемдеу бөлімінің басшысы Р.Дүйсеновага жүктелсін.
  2. Мемлекеттік сатып алу бөлімінің маманы А.Кенишбековке «ескерту» берілсін.
  3. Аурухана қызметкерлері арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын кеңінен түсіндіру, сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, науқастарға сапалы қызмет көрсету жөнінде жүйелі түрде түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
- Орындалуын кадағалау басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Н.Молдахановқа жүктелсін.

**Жиналыш төрағасы**

*Сейтханов*  
Хатыны: M. Сулейменов



**М.Сейтханов**